

Жергілікті әскери басқару органдарының қызметтік ісін бағалау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 868 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 6 қазанда № 30055 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы №357 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ереже 15-тармағының 132) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Жергілікті әскери басқару органдарының қызметтік ісін бағалау жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің мынадай бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын:

1) "Жергілікті әскери басқару органдарының қызметтік істерін бағалау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2019 жылғы 31 мамырдағы № 407 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18800 болып тіркелген);

2) "Жергілікті әскери басқару органдарының қызметтік істерін бағалау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 407 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" 2022 жылғы 17 маусымдағы № 435 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28528 болып тіркелген).

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

5. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі

Р. Жаксылыков

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі
2022 жылғы 3 қазандағы
№ 868 бұйрығымен
бекітілген

Жергілікті әскери басқару органдарының қызметтік ісін бағалау жөніндегі нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жергілікті әскери басқару органдарының қызметтік ісін бағалау жөніндегі нұсқаулық жергілікті әскери басқару органдарының қызметтік ісін бағалауды нақтылайды.

2. Жергілікті әскери басқару органдарының қызметтік ісін бағалау жұмыс тиімділігі мен сапасын айқындау үшін жүргізіледі.

3. Жергілікті әскери басқару органдарындағы қызметтік іс мынадай өлшемшарт бойынша бағаланады:

- 1) есепке алу-әскерге шақыру жұмысының жай-күйін айқындау;
- 2) қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйін айқындау;
- 3) қызметтік істің жай-күйін айқындау.

4. Бағалау нәтижесі бойынша жергілікті әскери басқару органдарының қызметтік ісіндегі кемшіліктерді жою және тиімділік сапасын жақсарту жөніндегі ұсыныстар дайындалады, оларды жақсарту талап етілетін қызметінің бағыттары айқындалады.

2-тарау. Есепке алу-әскерге шақыру жұмысының жай-күйін бағалау

5. Есепке алу-әскерге шақыру жұмысының жай-күйін айқындау кезінде:

- 1) азаматтарды келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылдау;
- 2) азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру;
- 3) запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру;
- 4) азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу;
- 5) әскери оқу орындарына кандидаттарды іріктеу;
- 6) азаматтарды бастапқы әскери даярлау;
- 7) азаматтарды әскери-техникалық мектептерде даярлау;
- 8) әскерге шақыру ресурсын есепке алу;

9) әскерге шақырудан жалтарған адамдарды іздеу жөніндегі жұмыс және құқық қорғау органдарына жолданған материалдар бағаланады.

1-параграф. Азаматтарды келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылдау

6. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттерде, басқармаларда (бөлімдерде) азаматтарды келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылдау мынадай өлшемшарт бойынша бағаланады:

1) құжаттарды толық және сапалы орындау:

"өте жақсы" – жоспарлау құжаттары әзірленген және қолда бар. Жоспарланатын міндеттер мен қызметті талдаудың өзара байланысы айқындалған. Жоспарланатын іс-шаралар қойылған міндеттерді уақтылы шешуге бағытталған;

"жақсы" – жоспарлау құжаттары әзірленген және қолда бар. Қойылған міндеттерге қол жеткізуге бағытталған жоспарланатын іс-шараларға түзетулер уақтылы енгізілмейді;

"қанағаттанарлық" – жоспарлау құжаттары жоспарланған іс-шараларды уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз етпейді;

"қанағаттанарлықсыз" – ағымдағы қызметті ұйымдастыруды регламенттейтін жоспарлау құжаттамасы жоқ. Қойылған міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуына бақылау жүзеге асырылмайды;

2) азаматтарды келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылдау және жіберу жөніндегі тапсырманы орындау:

"өте жақсы" – 90 %;

"жақсы" – 75 %;

"қанағаттанарлық" – 50 %;

"қанағаттанарлықсыз" – 50 %-тен төмен.

7. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттерде, басқармаларда (бөлімдерде) " Азаматтарды келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылдау" өлшемшарты үшін бағалау:

"өте жақсы" – екінші өлшемшарт "өте жақсы", біріншісі "өте жақсы" немесе "жақсы" деп бағаланған кезде;

"жақсы" – екінші өлшемшарт "жақсы", біріншісі "өте жақсы" немесе "жақсы" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлық" – бір өлшемшарт "қанағаттанарлық" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлықсыз" – бір өлшемшарт "қанағаттанарлықсыз" деп бағаланған кезде

2-параграф. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру

8. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттерде, басқармаларда (бөлімдерде) азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру мынадай өлшемшарт бойынша бағаланады:

1) құжаттарды толық және сапалы орындау:

"өте жақсы" – жоспарлау құжаттары әзірленген және қолда бар. Жоспарланған міндеттер мен қызметті талдаудың өзара байланысы айқындалған. Жоспарланатын іс-шаралар қойылған міндеттерді уақтылы шешуге бағытталған;

"жақсы" – жоспарлау құжаттары әзірленген және қолда бар. Қойылған міндеттерге қол жеткізуге бағытталған жоспарланатын іс-шараларға түзетулер уақтылы енгізілмейді;

"қанағаттанарлық" – жоспарлау құжаттары жоспарланған іс-шараларды уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз етпейді;

"қанағаттанарлықсыз" – ағымдағы қызметті ұйымдастыруды регламенттейтін жоспарлау құжаттамасы жоқ. Қойылған міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуына бақылау жүзеге асырылмайды;

2) мерзімді әскери қызметке шақыру нарядын орындау:

"өте жақсы" – 100 %;

"жақсы" – 95 %;

"қанағаттанарлық" – 90 %;

"қанағаттанарлықсыз" – 90 %-тен төмен;

3) әскери қызмет өткерумен байланысты емес диагнозбен денсаулық жағдайы бойынша қызметтен шығарылған мерзімді қызмет әскери қызметшілерінің саны:

"өте жақсы" – 0 адам;

"жақсы" – 1 адам;

"қанағаттанарлық" – 2 адам;

"қанағаттанарлықсыз" – 2 адамнан астам.

9. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттерде, басқармаларда (бөлімдерде) "Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру" өлшемшарты үшін бағалау:

"өте жақсы" – екінші өлшемшарт "өте жақсы", қалғаны "өте жақсы" және "жақсы" деп бағаланған кезде;

"жақсы" – екінші өлшемшарт "жақсы", қалғаны "өте жақсы", "жақсы" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлық" – бір өлшемшарт "қанағаттанарлық" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлықсыз" – бір өлшемшарт "қанағаттанарлықсыз" деп бағаланған кезде

3-параграф. Запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру

10. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттерде, басқармаларда (бөлімдерде) запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру мынадай өлшемшарт бойынша бағаланады:

1) құжаттарды толық және сапалы орындау:

"өте жақсы" – жоспарлау құжаттары әзірленген және қолда бар. Жоспарланған міндеттер мен қызметті талдаудың өзара байланысы айқындалған. Жоспарланатын іс-шаралар қойылған міндеттерді уақтылы шешуге бағытталған;

"жақсы" – жоспарлау құжаттары әзірленген және қолда бар. Қойылған міндеттерге қолжеткізуге бағытталған жоспарланатын іс-шараларға түзетулер уақтылы енгізілмейді ;

"қанағаттанарлық" – жоспарлау құжаттары жоспарланған іс-шараларды уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз етпейді;

"қанағаттанарлықсыз" – ағымдағы қызметті ұйымдастыруды регламенттейтін жоспарлау құжаттамасы жоқ. Қойылған міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуына бақылау жүзеге асырылмайды;

2) запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыруға арналған тапсырманы орындау:

"өте жақсы" – 100 %;

"жақсы" – 95 %;

"қанағаттанарлық" – 90 %;

"қанағаттанарлықсыз" – 90 %-тен төмен.

11. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттерде, басқармаларда (бөлімдерде) "Запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру" өлшемшарты үшін бағалау:

"өте жақсы" – екінші өлшемшарт "өте жақсы", біріншісі "өте жақсы" немесе "жақсы" деп бағаланған кезде;

"жақсы" – екінші өлшемшарт "жақсы", біріншісі "өте жақсы" немесе "жақсы" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлық" – бір өлшемшарт "қанағаттанарлық" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлықсыз" – бір өлшемшарт "қанағаттанарлықсыз" деп бағаланған кезде

4-параграф. Азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу

12. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттерде азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу мынадай болып бағаланады:

"өте жақсы" – жоспарлау құжаттары әзірленген және қолда бар. Жоспарланған міндеттер мен қызметті талдаудың өзара байланысы айқындалған. Жоспарланатын іс-шаралар қойылған міндеттерді уақтылы шешуге бағытталған;

"жақсы" – жоспарлау құжаттары әзірленген және қолда бар. Қойылған міндеттерге қол жеткізуге бағытталған жоспарланатын іс-шараларға түзетулер уақтылы енгізілмейді;

"қанағаттанарлық" – жоспарлау құжаттары жоспарланған іс-шараларды уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз етпейді;

"қанағаттанарлықсыз" – ағымдағы қызметті ұйымдастыруды регламенттейтін жоспарлау құжаттамасы жоқ. Қойылған міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуына бақылау жүзеге асырылмайды.

13. Қорғаныс істері жөніндегі басқармаларда (бөлімдерде) азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу мынадай өлшемшарт бойынша бағаланады:

1) құжаттарды толық және сапалы орындау:

"өте жақсы" – жоспарлау құжаттары әзірленген және қолда бар. Жоспарланған міндеттер мен қызметті талдаудың өзара байланысы айқындалған. Жоспарланатын іс-шаралар қойылған міндеттерді уақтылы шешуге бағытталған;

"жақсы" – жоспарлау құжаттары әзірленген және қолда бар. Қойылған міндеттерге қол жеткізуге бағытталған жоспарланатын іс-шараларға түзетулер уақтылы енгізілмейді;

"қанағаттанарлық" – жоспарлау құжаттары жоспарланған іс-шараларды уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз етпейді;

"қанағаттанарлықсыз" – ағымдағы қызметті ұйымдастыруды регламенттейтін жоспарлау құжаттамасы жоқ. Қойылған міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуына бақылау жүзеге асырылмайды;

2) әскерге шақыру учаскелеріне тіркелген азаматтардың саны:

"өте жақсы" – 100 %;

"жақсы" – 95 %;

"қанағаттанарлық" – 90 %;

"қанағаттанарлықсыз" – 90 %-тен төмен.

14. Қорғаныс істері жөніндегі басқармаларда (бөлімдерде) "Азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу" өлшемшарты үшін бағалау:

"өте жақсы" – екінші өлшемшарт "өте жақсы", біріншісі "өте жақсы" немесе "жақсы" деп бағаланған кезде;

"жақсы" – екінші өлшемшарт "жақсы", біріншісі "өте жақсы" немесе "жақсы" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлық" – бір өлшемшарт "қанағаттанарлық" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлықсыз" – бір өлшемшарт "қанағаттанарлықсыз" деп бағаланған кезде

5-параграф. Әскери оқу орындарына кандидаттарды іріктеу

15. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттерде, басқармаларда (бөлімдерде) әскери оқу орындарына (бұдан әрі – ӘОО) кандидаттарды іріктеу мынадай өлшемшарт бойынша бағаланады:

1) құжаттарды толық және сапалы орындау:

"өте жақсы" – жоспарлау құжаттары әзірленген және қолда бар. Жоспарланған міндеттер мен қызметті талдаудың өзара байланысы айқындалған. Жоспарланатын іс-шаралар қойылған міндеттерді уақтылы шешуге бағытталған;

"жақсы" – жоспарлау құжаттары әзірленген және қолда бар. Қойылған міндеттерге қол жеткізуге бағытталған жоспарланатын іс-шараларға түзетулер уақтылы енгізілмейді;

"қанағаттанарлық" – жоспарлау құжаттары жоспарланған іс-шараларды уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз етпейді;

"қанағаттанарлықсыз" – ағымдағы қызметті ұйымдастыруды регламенттейтін жоспарлау құжаттамасы жоқ. Қойылған міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуына бақылау жүзеге асырылмайды;

2) жастар арасынан ӘОО-ға кандидаттарды қабылдау жоспарының орындау:

"өте жақсы" – 100 %;

"жақсы" – 95 %;

"қанағаттанарлық" – 90 %;

"қанағаттанарлықсыз" – 90 %-тен төмен;

3) жоспарға қатысы бойынша ӘОО-ға жіберілген кандидаттар:

"өте жақсы" – 100 %;

"жақсы" – 95 %;

"қанағаттанарлық" – 90 %;

"қанағаттанарлықсыз" – 90 %-тен төмен;

4) ӘОО-ға жіберілгендер қатарынан оқуға түскен кандидаттар саны:

"өте жақсы" – 80 %;

"жақсы" – 70 %;

"қанағаттанарлық" – 60 %;

"қанағаттанарлықсыз" – 60 %-тен төмен.

16. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттерде, басқармаларда (бөлімдерде) "Әскери оқу орындарына кандидаттарды іріктеу" өлшемшарты үшін бағалау:

"өте жақсы" – төртінші өлшемшарт "өте жақсы", қалғаны "өте жақсы" және "жақсы" деп бағаланған кезде;

"жақсы" – төртінші өлшемшарт "жақсы", қалғаны "өте жақсы" және "жақсы" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлық" – бір өлшемшарт "қанағаттанарлық" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлықсыз" – бір өлшемшарт "қанағаттанарлықсыз" деп бағаланған кезде

6-параграф. Азаматтарды бастапқы әскери даярлау

17. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттерде, басқармаларда (бөлімдерде) азаматтарды бастапқы әскери даярлау мынадай өлшемшарт бойынша бағаланады:

1) құжаттарды толық және сапалы орындау:

"өте жақсы" – жоспарлау құжаттары әзірленген және қолда бар. Жоспарланған міндеттер мен қызметті талдаудың өзара байланысы айқындалған. Жоспарланатын іс-шаралар қойылған міндеттерді уақтылы шешуге бағытталған;

"жақсы" – жоспарлау құжаттары әзірленген және қолда бар. Қойылған міндеттерге қол жеткізуге бағытталған жоспарланатын іс-шараларға түзетулер уақтылы енгізілмейді;

"қанағаттанарлық" – жоспарлау құжаттары жоспарланған іс-шараларды уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз етпейді;

"қанағаттанарлықсыз" – ағымдағы қызметті ұйымдастыруды регламенттейтін жоспарлау құжаттамасы жоқ. Қойылған міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуына бақылау жүзеге асырылмайды;

2) бастапқы әскери даярлық бағдарламасы бойынша білім алушылар санына оқушылар саны:

"өте жақсы" – 100 %;

"жақсы" – 95 %;

"қанағаттанарлық" – 90 %;

"қанағаттанарлықсыз" – 90 %-тен төмен;

3) бастапқы әскери даярлық бағдарламасы бойынша білім алушылар қатарынан оқу-жаттығу далалық (лагерьлік) жиындардан өткен оқушылар саны:

"өте жақсы" – 100 %;

"жақсы" – 95 %;

"қанағаттанарлық" – 90 %;

"қанағаттанарлықсыз" – 90 %-тен төмен;

4) білім беру ұйымдарының бастапқы әскери даярлық мәселелері жөніндегі жұмысын тексеру және бағалау жоспарын орындау:

"өте жақсы" – 100 %;

"жақсы" – 95 %;

"қанағаттанарлық" – 90 %;

"қанағаттанарлықсыз" – 90 %-тен төмен;

5) білім беру ұйымдарын бастапқы әскери даярлықты оқытушы-ұйымдастырушылармен жасақтау:

"өте жақсы" – 100 %;

"жақсы" – 95 %;

"қанағаттанарлық" – 90 %;

"қанағаттанарлықсыз" – 90 %-тен төмен.

18. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттерде, басқармаларда (бөлімдерде) "Азаматтарды бастапқы әскери даярлау" өлшемшарты үшін бағалау:

"өте жақсы" – екінші өлшемшарт "өте жақсы", қалғаны "өте жақсы" және "жақсы" деп бағаланған кезде;

"жақсы" – екінші өлшемшарт "жақсы", қалғаны "өте жақсы" және "жақсы" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлық" – бір өлшемшарт "қанағаттанарлық" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлықсыз" – бір өлшемшарт "қанағаттанарлықсыз" деп бағаланған кезде

7-параграф. Азаматтарды өтеусіз негізде әскери-техникалық мектептерде даярлау

19. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттерде, басқармаларда (бөлімдерде) азаматтарды Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери-техникалық мектептерінде (бұдан әрі – ҚР ҚМ ӘТМ) өтеусіз негізде даярлау мынадай өлшемшарт бойынша бағаланады:

1) құжаттарды толық және сапалы орындау:

"өте жақсы" – жоспарлау құжаттары әзірленген және қолда бар. Жоспарланған міндеттер мен қызметті талдаудың өзара байланысы айқындалған. Жоспарланатын іс-шаралар қойылған міндеттерді уақтылы шешуге бағытталған;

"жақсы" – жоспарлау құжаттары әзірленген және қолда бар. Қойылған міндеттерге қол жеткізуге бағытталған жоспарланатын іс-шараларға түзетулер уақтылы енгізілмейді;

"қанағаттанарлық" – жоспарлау құжаттары жоспарланған іс-шараларды уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз етпейді;

"қанағаттанарлықсыз" – ағымдағы қызметті ұйымдастыруды регламенттейтін жоспарлау құжаттамасы жоқ. Қойылған міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуына бақылау жүзеге асырылмайды;

2) ҚР ҚМ ӘТМ-да оқыту үшін кандидаттарды іріктеу жоспарын орындау:

"өте жақсы" – 100 %;

"жақсы" – 95 %;

"қанағаттанарлық" – 90 %;

"қанағаттанарлықсыз" – 90 %-тен төмен;

3) ӘТМ-ны бітірген (жіберілгендер қатарынан) азаматтар саны:

"өте жақсы" – 100 %;

"жақсы" – 95 %;

"қанағаттанарлық" – 90 %;

"қанағаттанарлықсыз" – 90 %-тен төмен;

4) ҚР ҚМ ӘТМ-да оқуды аяқтағандар қатарынан әскери қызметке шақырылғандар саны:

"өте жақсы" – 100 %;

"жақсы" – 95 %;

"қанағаттанарлық" – 90 %;

"қанағаттанарлықсыз" – 90 %-тен төмен.

20. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттерде, басқармаларда (бөлімдерде) "Азаматтарды ҚР ҚМ ӘТМ-да даярлау" өлшемшарты үшін бағалау:

"өте жақсы" – бірінші өлшемшарт "өте жақсы" және "жақсы", қалғаны "өте жақсы" деп бағаланған кезде;

"жақсы" – бірінші өлшемшарт "өте жақсы" және "жақсы", қалғаны "жақсы" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлық" – бір өлшемшарт "қанағаттанарлық" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлықсыз" – бір өлшемшарт "қанағаттанарлықсыз" деп бағаланған кезде

8-параграф. Әскерге шақыру ресурсын есепке алу

21. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттерде әскерге шақыру ресурсын есепке алу мынадай өлшемшарт бойынша бағаланады:

1) құжаттарды толық және сапалы орындау:

"өте жақсы" – жоспарлау құжаттары әзірленген және қолда бар. Жоспарланған міндеттер мен қызметті талдаудың өзара байланысы айқындалған. Жоспарланатын іс-шаралар қойылған міндеттерді уақтылы шешуге бағытталған;

"жақсы" – жоспарлау құжаттары әзірленген және қолда бар. Қойылған міндеттерге қол жеткізуге бағытталған жоспарланатын іс-шараларға түзетулер уақтылы енгізілмейді;

"қанағаттанарлық" – жоспарлау құжаттары жоспарланған іс-шараларды уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз етпейді;

"қанағаттанарлықсыз" – ағымдағы қызметті ұйымдастыруды регламенттейтін жоспарлау құжаттамасы жоқ. Қойылған міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуына бақылау жүзеге асырылмайды;

2) әскери есепте тұрған әскерге шақырылушылар әскерге шақырылушыларды электрондық есепке алуға енгізілді:

"өте жақсы" – 100 %;

"жақсы" – 95 %;

"қанағаттанарлық" – 90 %;

"қанағаттанарлықсыз" – 90 %-тен төмен;

3) әскерге шақырылушыларды электрондық есепке алуды толтырудың бастапқы нысандарында жол берілген қателер саны мыналарды құрайды және бағаланады:

"өте жақсы" – 0 %;

"жақсы" – 5 %;

"қанағаттанарлық" – 10 %;

"қанағаттанарлықсыз" – 10 %-тен астам.

22. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттерде "Әскерге шақыру ресурсын есепке алу" өлшемшарты үшін бағалау:

"өте жақсы" – екінші өлшемшарт "өте жақсы", қалғаны "өте жақсы" және "жақсы" деп бағаланған кезде;

"жақсы" – екінші өлшемшарт "жақсы", қалғаны "өте жақсы" және "жақсы" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлық" – бір өлшемшарт "қанағаттанарлық" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлықсыз" – бір өлшемшарт "қанағаттанарлықсыз" деп бағаланған кезде

23. Қорғаныс істері жөніндегі басқармаларда (бөлімдерде) әскерге шақыру ресурсын есепке алу мынадай өлшемшарт бойынша бағаланады:

1) құжаттарды толық және сапалы орындау:

"өте жақсы" – жоспарлау құжаттары әзірленген және қолда бар. Жоспарланған міндеттер мен қызметті талдаудың өзара байланысы айқындалған. Жоспарланатын іс-шаралар қойылған міндеттерді уақтылы шешуге бағытталған. Жеке істер картотекасын жасау, әскерге шақырылушыларды іздеу жұмысы, сондай-ақ әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою және одан шығару Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 28 бұйрығымен бекітілген Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларына (бұдан әрі – Әскери есепке алу қағидалары) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14881 болып тіркелген) сәйкес келеді;

"жақсы" – жоспарлау құжаттары әзірленген және қолда бар. Қойылған міндеттерге қол жеткізуге бағытталған жоспарланатын іс-шараларға түзетулер уақтылы енгізілмейді. Жеке істер картотекасын жасау, әскерге шақырылушыларды іздеу жұмысы, сондай-ақ әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою және одан шығару Әскери есепке алу қағидаларына сәйкес келеді;

"қанағаттанарлық" – жоспарлау құжаттары жоспарланатын іс-шараларды уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз етпейді. Жеке істер картотекасын жасау, әскерге шақырылушыларды іздеу жұмысы, сондай-ақ әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою және одан шығару Әскери есепке алу қағидаларына сәйкес келмейді;

"қанағаттанарлықсыз" – ағымдағы қызметті ұйымдастыруды регламенттейтін жоспарлау құжаттамасы жоқ. Қойылған міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуына бақылау жүзеге асырылмайды. Жеке істер картотекасын жасау, әскерге шақырылушыларды іздеу жұмысы, сондай-ақ әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою және одан шығару Әскери есепке алу қағидаларына сәйкес келмейді;

2) картотекадағы әскерге шақырылушылар жеке істері санының қозғалысты есепке алу журналымен, әліпбилік кітаптармен және әскерге шақырылушыларды электрондық есепке алумен сәйкес келуі:

"өте жақсы" – 100 %;

"жақсы" – 90 %;

"қанағаттанарлық" – 80 %;

"қанағаттанарлықсыз" – 80 %-тен төмен;

3) әскери есепте тұратын әскерге шақырылушылар әскерге шақырылушыларды электрондық есепке алуға енгізілді:

"өте жақсы" – 100 %;

"жақсы" – 95 %;

"қанағаттанарлық" – 90 %;

"қанағаттанарлықсыз" – 90 %-тен төмен;

4) әскерге шақырылушыларды электрондық есепке алуды толтырудың бастапқы нысандарында жол берілген қателер саны:

"өте жақсы" – 0 %;

"жақсы" – 5 %;

"қанағаттанарлық" – 10 %;

"қанағаттанарлықсыз" – 10 %-тен астам;

5) әскерге шақырылушыларды электрондық есепке алу деректерінің әскерге шақырылушылардың жеке істері деректерінен айырмашылығы мыналарды құрайды және бағаланады (кемінде 20 жеке іс есебінен ішінара салыстырып тексеру жүргізу кезінде):

"өте жақсы" – 0 %;

"жақсы" – 10 %;

"қанағаттанарлық" – 15 %;

"қанағаттанарлықсыз" – 15 %-тен астам.

24. Қорғаныс істері жөніндегі басқармаларда (бөлімдерде) "Әскерге шақыру ресурсын есепке алу" өлшемшарты үшін бағалау:

"өте жақсы" – екінші өлшемшарт "өте жақсы", қалғаны "өте жақсы" және "жақсы" деп бағаланған кезде;

"жақсы" – екінші өлшемшарт "жақсы", қалғаны "өте жақсы" және "жақсы" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлық" – бір өлшемшарт "қанағаттанарлық" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлықсыз" – бір өлшемшарт "қанағаттанарлықсыз" деп бағаланған кезде

25. "Есепке алу-әскерге шақыру жұмысы" өлшемшарты үшін бағалау:

"өте жақсы" – бірден үшке дейінгі өлшемшарт "жақсы", қалғаны "өте жақсы" деп бағаланған кезде;

"жақсы" – бірден үшке дейінгі өлшемшарт "қанағаттанарлық", қалғаны "өте жақсы" және "жақсы" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлық" – үштен астам өлшемшарт "қанағаттанарлық" деп бағаланған кезде немесе бір өлшемшарт "қанағаттанарлықсыз" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлықсыз" – екі және одан көп өлшемшарт "қанағаттанарлықсыз" деп бағаланған кезде.

9-параграф. Әскерге шақырудан жалтарған адамдарды іздеу жөніндегі жұмыс және құқық қорғау органдарына жолданған материалдар

26. Әскерге шақырудан жалтарған адамдарды іздеу жөніндегі жұмыс және құқық қорғау органдарына жолданған материалдар қорғаныс істері жөніндегі департаменттер мен басқармаларда (бөлімдерде) мынадай өлшемшарт бойынша бағаланады:

1) құжаттарды толық және сапалы пысықтау:

"өте жақсы" – жоспарлау құжаттары әзірленген және қолда бар. Жоспарланған іс-шаралар мерзімді әскери қызметке әскерге шақырудан жалтарған адамдарды уақтылы іздеу жөніндегі жұмысқа бағытталған;

"жақсы" – жоспарлау құжаттары әзірленген және қолда бар. Мерзімді әскери қызметке әскерге шақырудан жалтарған адамдарды іздеу жөніндегі жоспарланған іс-шаралар уақтылы жүргізілмейді;

"қанағаттанарлық" – жоспарлау құжаттары мерзімді әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды іздеу жөніндегі жұмысты уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз етпейді;

"қанағаттанарлықсыз" – жоспарлау құжаттары жоқ, құқық қорғау органдарына жолданған материалдардың уақтылы және сапалы орындалуына бақылау жүзеге асырылмайды;

2) материалдар құқық қорғау органдарына жолданған:

"өте жақсы" – 100 %;

"жақсы" – 80 %;

"қанағаттанарлық" – 70 %;

"қанағаттанарлықсыз" – 50 %-тен аз.

27. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттерде, басқармаларда (бөлімдерде) әскерге шақырудан жалтарған адамдарды іздеу жөніндегі жұмыстың және құқық қорғау органдарына жолданған материалдардың өлшемшарты үшін бағалау:

"өте жақсы" – екінші өлшемшарт "өте жақсы", біріншісі "өте жақсы" немесе "жақсы" деп бағаланған кезде;

"жақсы" – екінші өлшемшарт "жақсы", біріншісі "өте жақсы" немесе "жақсы" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлық" – бір өлшемшарт "қанағаттанарлық" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлықсыз" – бір өлшемшарт "қанағаттанарлықсыз" деп бағаланған кезде

3-тарау. Қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйін бағалау

28. Қаржы-шаруашылық қызмет мынадай өлшемшарт бойынша бағаланады:

1) ақшалай ризықты және жалақыны, сондай-ақ басқа да ақшалай төлемді есептеу үшін қажетті құжаттарды орындау мынадай болып бағаланады:

"өте жақсы" – құжаттар сапалы және мерзімінде пысықталады, жеке құрамға ақшалай ризықты, жалақы мен басқа да ақшалай төлемді есептеу және аудару дұрыс және уақтылы жүргізіледі, артық және кем төлеу фактісі жоқ;

"жақсы" – құжаттар сапалы және мерзімінде пысықталады, жеке құрамға ақшалай ризықты, жалақы мен басқа да ақшалай төлемді есептеу және аудару дұрыс және уақтылы жүргізіледі, есеп айыратын-төлемді ведомосттарда арифметикалық қателер бар, артық және кем төлеу фактісі жоқ;

"қанағаттанарлық" – құжаттар сапалы пысықталмайды, жеке құрамға ақшалай есеп айыратын-төлемді ведомосттарда есептеу кезінде қателіктерге жол берілген, жеке құрамға ақшалай төлемді кем төлеу фактісі бар;

"қанағаттанарлықсыз" – құжаттар сапалы пысықталмайды, жеке құрамға ақшалай есеп айыратын-төлемді ведомосттарда есептеу кезінде жүйелі түрде қателіктерге жол берілген, төлем уақтылы жүргізілмейді, жеке құрамға ақшалай төлемді артық және кем төлеу фактісі бар;

2) шарттық қызметті ұйымдастырудың жай-күйі мынадай болып бағаланады:

"өте жақсы" – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі – Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12590 болып тіркелген) сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізушілермен шарттар уақтылы және сапалы жасалады және орындалады, шарт талаптарына сәйкес барлық құжаттар қоса берілген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 2 тамыздағы № 390 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомына сәйкес (бұдан әрі – Нысандар альбомы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7126 болып тіркелген) № 6 мемориалдық ордерде шарттық қызмет жөніндегі операциялар уақтылы көрсетіледі, қаражатты мақсатты пайдаланбау фактісі анықталмаған, шарттарды есепке алу журналы қатесіз жүргізіледі;

"жақсы" – Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізушілермен шарттар жасалады және орындалады, шарттың талаптарына сәйкес барлық құжаттар қоса берілген, Нысандар альбомына сәйкес № 6 мемориалдық ордерде шарттық қызмет жөніндегі операциялар уақтылы көрсетіледі, қаражатты мақсатты пайдаланбау фактілері анықталмаған, шарттарды есепке алу журналында түзету фактісі бар;

"қанағаттанарлық" – Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізушілермен шарттар

жасалады және орындалады, шарттар бойынша уақтылы төлемеу, Нысандар альбомына сәйкес № 6 мемориалдық ордерде шарттық қызмет жөніндегі операцияларды уақтылы көрсетпеу фактісі бар, қаражатты мақсатты пайдаланбау фактісі анықталмаған, шарттарды есепке алу журналы қатемен жүргізіледі;

"қанағаттанарлықсыз" – тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізушілермен шарттар уақтылы жасалмайды немесе Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бұзумен жасалады, шарт талаптарына сәйкес уақтылы төлемеу фактісі бар, Нысандар альбомына сәйкес № 6 мемориалдық ордерде шарттық қызмет жөніндегі операциялар уақтылы немесе сапалы көрсетілмейді, қаражатты мақсатты пайдаланбау фактісі анықталған, шарттарды есепке алу журналы жүргізілмейді;

3) материалдық құралдарды есепке алудың жай-күйі мынадай болып бағаланады:

"өте жақсы" – есепке алу кітаптары басталған және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 241 бұйрығымен бекітілген Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидалары) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10954 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі, мүлік пен материалдық құралдар ақаусыз жай-күйде, белгіленген мерзімі өткен және жарамсыз жай-күйге келген мүлікті есептен шығару уақтылы жүргізіледі, мүлікті салыстырып тексеру уақтылы жүргізіледі, жетіспеу және артық болу фактісі анықталмаған, кабинеттегі мүлік тізімдемесі нақты қолда барына сәйкес келеді, барлық материалдық жауапты адамдармен толық материалдық жауапкершілік туралы шарттар жасалған, тауар-материалдық құндылықты түгендеу уақтылы жүргізіледі, материалдық жауапты адамдар қаржы қызметіне материалдық есеп беруді сапалы және уақтылы ұсынады;

"жақсы" – есепке алу кітаптары басталған және Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізіледі, мүлік пен материалдық құралдар ақаусыз жай-күйде, жарамсыз жай-күйге келген мүлікті есептен шығару уақтылы жүргізіледі, мүлікті ұқыпсыз пайдалану жағдайы бар; мүлікті салыстырып тексеру белгіленген мерзімде жүргізіледі, мүліктің жетіспеу фактісі анықталмаған, кабинеттегі мүлік тізімдемесі нақты қолда барына сәйкес келеді, барлық материалдық жауапты адамдармен толық материалдық жауапкершілік туралы шарттар жасалған, тауар-материалдық құндылықты түгендеу уақтылы жүргізіледі, материалдық жауапты адамдар қаржы қызметіне материалдық есеп беруді сапалы және уақтылы ұсынады;

"қанағаттанарлық" – есепке алу кітаптары басталған, бірақ Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бұзумен жүргізіледі, мүлік ұқыпсыз пайдаланылады, жарамсыз жай-күйге келген мүлікті есептен шығару және салыстырып тексеру мерзімін бұзумен жүргізіледі, мүліктің жетіспеу фактісі анықталмаған, кабинеттегі мүлік тізімдемесі нақты қолда барына сәйкес келеді, барлық материалдық жауапты адамдармен толық материалдық жауапкершілік туралы шарттар жасалмаған, тауар-материалдық

құндылықты түгендеу уақтылы жүргізілмейді, материалдық жауапты адамдар қаржы қызметіне материалдық есеп беруді сапалы жасамайды және ұсынбайды;

"қанағаттанарлықсыз" – мүлікті есепке алу ұйымдастырылмаған, есепке алу кітаптары жүргізілмейді, материалдық құралдардың жетіспеуі және артық болуы жағдайы анықталған, бағаланбаған мүлік бар, жарамсыз жай-күйге келген мүлікті есептен шығару және салыстырып тексеру жүргізілмейді, кабинеттегі мүлік тізімдемесі нақты қолда барына сәйкес келмейді, материалдық жауапты адамдармен толық материалдық жауапкершілік туралы шарттар жасалмаған, тауар-материалдық құндылықты түгендеу жүргізілмейді, материалдық жауапты адамдар қаржы қызметіне материалдық есеп беруді ұсынбайды;

4) жоғары тұрған штабқа, бақылау және жабдықтылым органдарына қаржы жұмысы жөніндегі есеп беру мен мәліметтерді уақтылы және сапалы ұсыну мынадай болып бағаланады:

"өте жақсы" – қаржы жұмысы жөніндегі есеп беру мен мәліметтер сапалы пысықталады және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментіне, бақылау және жабдықтылым органдарына уақтылы ұсынылады, жеткізілімді уақтылы ұсынбау фактісі анықталмаған ;

"жақсы" – қаржы жұмысы жөніндегі есеп беру мен мәліметтер сапалы пысықталады және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментіне, бақылау және жабдықтылым органдарына уақтылы, бірақ белгілі бір қателермен ұсынылады;

"қанағаттанарлық" – құжаттар негізінен сапалы пысықталады, белгілі бір қателер бар. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментіне, бақылау және жабдықтылым органдарына қаржы жұмысы жөніндегі есеп беру мен мәліметтерді кешіктіріп ұсынуға жол берілген;

"қанағаттанарлықсыз" – құжаттар сапалы пысықталмайды; есеп беруде жүйелі қателерге жол берілген, қаржы жұмысы жөніндегі есеп беру мен мәліметтер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментіне, бақылау және жабдықтылым органдарына уақтылы ұсынылмайды.

29. Қорғаныс істері жөніндегі басқармалар (бөлімдер) бағаланбайды, өйткені дербес қаржы қызметін жүргізбейді және қорғаныс істері жөніндегі департаментте қаржылық жабдықтылымда тұрады.

30. "Қаржы-шаруашылық қызмет" өлшемшарты үшін бағалау:

"өте жақсы" – бірінші өлшемшарт "өте жақсы", қалғаны "өте жақсы" және "жақсы" деп бағаланған кезде;

"жақсы" – бірінші өлшемшарт "жақсы", қалғаны "өте жақсы" және "жақсы" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлық" – екі өлшемшарт "қанағаттанарлық", қалғаны "өте жақсы" және "жақсы" деп бағаланған кезде;

"қанағаттанарлықсыз" – бір өлшемшарт "қанағаттанарлықсыз" деп бағаланған кезде

4-тарау. Қызметтік істің жай-күйін бағалау

31. Жергілікті әскери басқару органдары қызметтік ісінің жай-күйі мынадай болып бағаланады:

"өте жақсы" – қорғаныс істері жөніндегі департамент және "өте жақсы" және "жақсы" деп бағаланатын бағынысты қорғаныс істері жөніндегі басқармалар мен бөлімдердің кемінде 70 %-і, бұл ретте "жұмылдыру әзірлігі" өлшемшарты үшін "өте жақсы" деп бағаланса;

"жақсы" – қорғаныс істері жөніндегі департамент және "өте жақсы" және "жақсы" деп бағаланатын бағынысты қорғаныс істері жөніндегі басқармалар мен бөлімдердің 70 %-і, бұл ретте "жұмылдыру әзірлігі" өлшемшарты үшін "жақсы" деп бағаланса;

"қанағаттанарлық" – қорғаныс істері жөніндегі департамент және "жақсы" және "қанағаттанарлық" деп бағаланатын бағынысты қорғаныс істері жөніндегі басқармалар мен бөлімдердің 70 %-і, бұл ретте "жұмылдыру әзірлігі" өлшемшарты үшін "қанағаттанарлық" деп бағаланса;

"қанағаттанарлықсыз" – қорғаныс істері жөніндегі департамент және бағынысты қорғаныс істері жөніндегі басқармалар мен бөлімдердің 30 %-тен астамы "қанағаттанарлықсыз" деп бағаланса.